

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 405 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі арасындағы Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

жоба

**Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісім**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі,

Тараптар мемлекеттері арасындағы білім беру саласындағы екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында,

бірлескен ғылыми зерттеулердің деңгейі мен тиімділігін одан әрі арттыруға, теңдік, өзара пайдалы және тиімділік қағидаттары негізінде Тараптар мемлекеттері арасында білім беру саласындағы алмасуды кеңейтуге ұмтыла отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Тараптар мына салаларда ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады: білім беру жүйесі мен білім беру саласында жүргізіліп жатқан реформалар туралы ақпаратпен, оқулықтармен және оқу-әдістемелік материалдармен алмасу; студенттермен, оқытушылармен, аспиранттармен және тағылымдамашылармен а л м а с у ;

Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік тілдерін үйрену мен таратуға жәрдемдесу.

**2-бап**

Тараптар жыл сайын баламалы негізде студенттермен, аспиранттармен және тағылымдамашылармен алмасатын болады. Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысында жыл сайын білім алатын бір тарап студенттерінің, аспиранттары мен тағылымдамашыларының жалпы саны 20 адамнан аспайды.

Қажет болған жағдайда өзара уағдаластық негізінде Тараптар бұл санды көбейтуіне б о л а д ы .

Тағылымдамашыларды оқыту мерзімі - алты айдан екі жылға дейін. Студенттер мен аспиранттардың оқу мерзімін қабылдаушы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес қабылдаушы Тарап белгілейді.

Жіберуші тарап жіберуші Тарап мемлекеті студенттерінің, аспиранттары мен тағылымдамашыларының кіру визаларын ресімдеу, оқу немесе тағылымдама өту орнына дейінгі және кері бағыттағы жол шығыстарын төлейді.

Қабылдаушы Тарап студенттерді, аспиранттар мен тағылымдамашыларды оқу, оқу құралдарын пайдалану мен жатақханада тұруы үшін төлемнен босатады және оларға с т и п е н д и я т ө л е й д і .

Қабылдаушы Тарап өз мемлекетінің денсаулық сақтау саласындағы ұлттық заңнамасына сәйкес, созылмалы ауруларды емдеуден, курорттық емдеуден және стоматологиялық қызмет көрсетулерден басқа, жедел медициналық көмек береді.

### **3-бап**

Студенттерді, аспиранттарды оқуға және тағылымдамашыларды тағылымдамаға жіберген кезде қабылдаушы Тарап мемлекетінің тілін меңгерген адамдарға а р т ы қ ш ы л ы қ б е р і л е д і .

Тараптардың келісуі бойынша қажет және мүмкін болған жағдайларда студенттер, тағылымдамашылар мен аспиранттар оқу тілі ретінде орыс немесе ағылшын тілдерін п а й д а л а н у ы м ү м к і н .

Жіберуші Тарап үміткерлердің тиісті құжаттарын ағымдағы жылдың 15 сәуірінен қалдырмай жібереді. Қабылданғаны туралы растауды қабылдаушы Тарап ағымдағы жылдың 15 шілдесінен қалдырмай жіберуі тиіс.

### **4-бап**

Тараптар мемлекеттерінің жоғары оқу орындары шарттардың негізінде ынтымақтастықтың мынадай нысандарын дамытатын болады:

оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысында тәжірибе алмасу;  
оқу бағдарламаларымен, оқу жоспарларымен және оқу-әдістемелік материалдармен а л м а с у ;

бірлескен оқу-әдістемелік құралдарын және оқулықтар жасау;  
ғылыми-әдістемелік ақпаратпен, ғылыми жұмыс тәжірибесімен алмасу және

ғылыми ынтымақтастықтың әр түрлі нысандарын іздестіру;  
студенттер, аспиранттар мен тағылымдамашылар даярлауға көмек көрсету,  
мамандар біліктілігін арттыру;  
дәрістер оқу және практикалық семинарлар өткізу үшін оқытушылармен алмасу;  
Тараптар мемлекеттерінің жоғары оқу орындары арасындағы шартта көзделген басқа да бағыттар.

## **5-бап**

Байланыстарды нығайту, жұмыс тәжірибесімен алмасу, ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылау, сондай-ақ осы Келісімнің ережелерін іске асыруға байланысты консультациялар өткізу үшін, Тараптар екі жылда бір рет мерзімі 7 күннен аспайтын, құрамы 3 адамнан артпайтын делегациялармен өзара алмасатын болады.

Қазақстан Тарабы қытай делегациясының болуы жөніндегі шығыстарды өзіне алады. Қытай Тарабы қазақстандық делегацияның болуы жөніндегі шығыстарды өзіне алады.

Жіберуші Тарап қабылдаушы Тарап мемлекетінің астанасына дейінгі көлік шығыстарын өзіне алады.

## **6-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар және келіссөздер жолымен шешетін болады.

## **7-бап**

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

## **8-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі осы Келісімнің іс-әрекетін тоқтату ниеті туралы келесі Тарапқа жазбаша хабарлаған күнінен бастап алты ай өткенше күшінде қалатын болады.

\_\_\_\_\_ қаласында 200 " \_\_\_\_ " жылғы \_\_\_\_\_ әрқайсысы қазақ, қытай және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі үшін*      *Қытай Халық Республикасының Білім министрлігі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК